

**«Kaspi Bank»  
акционерлік қоғамының  
(«Kaspi Bank» АҚ)**

**үшінші облигациялық бағдарлама шегінде  
саны 500 000 000 дана,  
сомасы 50 000 000 000 теңге болатын облигациялардың  
екінші шығарылымының**

**ПРОСПЕКТІСІ**

Уәкілетті органның облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да болмасын ұсынымдарды беруін білдірмейді. Облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркейтін уәкілетті орган осы құжатта бар ақпараттың шынайылығы үшін жауап бермейді. Облигациялар шығарылымының проспектісі тек Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне ғана қарастырылды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және онда берілген бүкіл ақпараттың шынайы екенін және инвесторларды Эмитентке және оның облигацияларына қатысты адастырмайтынын растайды.

Алматы қ., 2014 жыл

Облигациялардың осы шығарылымы «Kaspi Bank» акционерлік қоғамының үшінші облигациялық бағдарлама шығарылымының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

### **Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:**

Үшінші облигациялық бағдарлама проспектісінің мемлекеттік тіркелген күні – облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеумен бірге жүзеге асырылады.

Оның аясында шығарылым жүзеге асырылатын үшінші облигациялық бағдарламаның көлемі ақша түрінде 300 000 000 000 (үш жүз миллиард) теңгені құрайды.

Үшінші облигациялық бағдарламаның аясында облигациялардың шығарылымының реттік нөмірі – екінші.

### **Үшінші облигациялық бағдарлама аясында облигациялардың алдыңғы шығарылымдары туралы мәліметтер:**

Үшінші облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың бірінші шығарылымы уәкілетті органда тіркеу үшін осы облигациялар шығарылымымен бір уақытта берілді. Номиналдық құны 100 теңгені құрайтын облигациялардың көлемі 50 000 000 000 (елу миллиард) теңгені құрайды. Шығарылым 50 000 000 000 (елу миллиард) дана атаулы купондық облигацияларға бөлінген.

### **Үшінші облигациялық бағдарлама шегіндегі екінші шығарылымның құрылымы:**

Облигациялар түрі	Қамсыздандырусыз атаулы купондық облигациялар
Саны	500 000 000 (бес жүз миллион) дана
Шығарылымның жалпы көлемі	50 000 000 000 (елу миллиард) теңге
Бір облигацияның номиналды құны	100 (жүз) теңге
Купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі (жылдық пайызбен)	Бекітілген, облигациялардың номиналды құнының жылдық 9,8% (тоғыз бүтін оннан сегіз пайыз).
Купондық сыйақы есептеуді бастайтын күн	Сыйақы облигациялар айналысы басталған күннен бастап сыйақы есептеле бастайды. Облигациялар бойынша сыйақы бүкіл айналыс кезеңі ішінде есептеледі және облигацияларды өтеу басталатын күннің алдындағы күні аяқталады.
Сыйақы төлеу мерзімділігі мен күндері	Купондық сыйақы жылына 2 (екі) рет, облигациялар айналысқа шығарылған күннен бастап облигацияларды өтеген мерзімге дейін

	6 (алты) ай өткен сайын, облигацияды өтеген мерзімге дейін жыл сайын төленеді.
Сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі	Ұзақтығы 30 (отыз) күн болатын есептік ай және ұзақтығы 360 (үш жүз алпыс) күн болатын есептік жыл.
Купондық сыйақыны төлеу тәртібі мен шарттары	<p>Сыйақы төлемдер жасалатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша, Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімдерінің жүйесін жүргізетін тіркеуші орналасқан жердің уақытымен облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген және оны алуға құқығы бар тұлғаларға төленеді.</p> <p>Төленетін күнгі купондық сыйақы облигациялардың номиналды құнының, купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі мен 360-қа (үш жүз алпысқа) бөлінген купондық сыйақыны есептеу кезеңіндегі күндер санының көбейтіндісі ретінде есептеледі.</p> <p>Үтірден кейінгі белгілердің саны және дөңгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.</p> <p>Эмитент купондық сыйақыны сыйақы төленетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына қолма-қол жасалмайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) ақша аудару арқылы төлейді.</p> <p>Купондық сыйақы соңғы рет облигациялар бойынша негізгі борышты өтеумен бір уақытта төленеді.</p> <p>Инвестор Қазақстан Республикасының резиденті емес болған жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағында теңгеде банктік шоты болған кезде, купондық сыйақы тек ұлттық валютада төленеді.</p>
Облигациялар айналысының мерзімі	Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 9 (тоғыз) жыл

Облигациялар айналысқа шығарылатын күн	Облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми тізіміне енгізілген күннен бастап
Облигациялар өтелетін күн	Облигациялар айналысының басталған күннен бастап 9 (тоғыз) жыл өткеннен кейін өтеледі.
Облигациялар айналысы жоспарланатын нарық	Ұйымдасқан және ұйымдаспаған бағалы қағаздар нарығы
Облигациялар өтелетін орын және өтеу тәсілі	<p>Эмитенттің орналасқан жерінде: Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 154 «А», тел.: +7 (727) 258-59-55, факс +7 (727) 250-95-96.</p> <p>Эмитент облигациялар айналысының мерзімі аяқталатын күннің басындағы жағдай бойынша Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізетін тіркеуші орналасқан жердің уақытымен облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген тұлғалардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы өз бетінше төлейді. Ақша облигациялар айналысының соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде аударылады.</p> <p>Инвестор Қазақстан Республикасының резиденті емес болған жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағындағы теңгеде банктік шоты болған кезде облигациялар тек ұлттық валютада өтеледі.</p>
Облигацияларды ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер	<p>Облигация ұстаушылардың өкілі – «Сентрас Секьюритиз» АҚ, 2014 ж. 09 желтоқсанда жасалған №09.12.14/1 шарт.</p> <p>Мекенжайы: Алматы қ., «SAT» бизнес орталығы, Манас к-сі, 32А, 2-қабат, тел.: +7 (727) 259-88-77.</p>
Тіркеуші туралы мәліметтер	<p>«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ облигация ұстаушылардың тізілім жүйесін қалыптастырады әрі жүргізеді, №561 шарт 2014 ж. 01 қаңтардан бастап типтік нысанға қосылу арқылы жасалды.</p> <p>Тіркеуші мына мекенжайда орналасқан: Алматы қ., Абылай хан даңғ., 141, тел.: +7 (727) 272-47-60.</p>

Облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер	Облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та сауда-саттық өткізу арқылы орналастырылады.
Төлем агенті туралы мәліметтер	Сыйақы төлеуді және облигацияларды өтеуді Эмитент төлем агентінің қызметін пайдаланбай, өз бетінше жүзеге асырады.
Облигацияның оның ұстаушысына беретін құқықтары және облигациялар бойынша құқықтарды есепке алу тәртібі	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Осы Облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген мерзімдерде облигациялардың номиналды құнын алу құқығы;</li> <li>• Осы облигациялардың шығарылым пропектісінде белгіленген мерзімдерде облигациялар бойынша сыйақы алу құқығы;</li> <li>• Облигацияларды еркін сату немесе басқа жолмен иеліктен шығару құқығы;</li> <li>• Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерінде және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың талаптарында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Эмитент және оның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты алу құқығы;</li> <li>• Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;</li> <li>• Осы шығарылымның облигациялары бойынша мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы көзделмеген;</li> <li>• Облигация ұстаушылардың Эмитенттен өзге мүліктік баламаны немесе өзге мүліктік құқықтарды алу құқығы көзделмеген.</li> </ul>
Дефолт оқиғалары	<p>Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт дегеніміз – осы облигация шығарылымы проспектісінде белгіленген мерзімде облигациялар бойынша сыйақыны (купонды) және/немесе номиналды құнын төлемеу немесе толық төлемеу.</p> <p>Осы Проспектіде белгіленген мерзімдерде Эмитенттің облигациялар бойынша сыйақыны және/немесе облигациялардың номиналды құнын төлемеуі немесе толық төлемеуі, егер мұндай төлемеу және/немесе</p>

толық төлемеу Эмитенттің сыйақыны және/немесе облигацияның номиналды құнын төлеуін мүмкін етпейтін Эмитенттің облигация ұстаушының банктік шотының шынайы емес немесе толық емес деректемелерін алуының немесе Тіркеушінің Эмитентке облигация ұстаушыларының тізілімін заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімдерде бермеуінің нәтижесі болса, дефолт болып табылмайды.

Эмитент осы Проспекті бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп басталуын болжауға немесе алдын алуға мүмкін болмаған жағдайлар (стихиялық құбылыстар, соғыс қимылдары, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.с.с.) түсініледі. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда, Эмитенттің осы Проспекті бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі мұндай жағдайлар мен олардың салдары әрекет ететін уақыт кезеңіне тең жылжытылады.

Эмитенттің кінәсінен осы проспектіде көрсетілген мерзімде купондық сыйақыны және/немесе негізгі борышты төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда, Эмитент облигация ұстаушыларға мерзімі өткізілген әр күнге ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындаған күнгі (яғни төлем жасалған кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күнгі жағдай бойынша) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін негізге ала отырып өсімпұл төлейді.

Дефолт орнаған жағдайда Эмитент дефолттың орын алу фактісі туралы ақпаратты облигация ұстаушылардың назарына шығарылым проспектісінде белгіленген облигациялар бойынша міндеттемелерді орындайтын күнге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмеген

мерзімде Эмитенттің ([www.kaspibank.kz](http://www.kaspibank.kz)), «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-тың ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми сайттарында хабарламаны орналастыру арқылы, облигациялар бойынша дефолттың туындау себептерін, орындалмаған міндеттемелердің көлемін толық сипаттап және эмитенттің облигация ұстаушыларының өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттерінің тізбесі мен Эмитентке қоятын талабы бар өтініш беру тәртібін көрсетіп, хабарлайды.

Облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда, Эмитент облигация ұстаушылардың құқықтарын қорғау және дефолтты тудырған себептерді жою үшін барлық ықтимал және қажетті шараларды қолданады. Эмитент дефолттан тиімді шығуды анықтау мақсатында облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізуге бастама көтереді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындаудың тиісті көлемі мен мерзімін көрсетіп, облигация ұстаушылардың алдындағы өз міндеттемелерін орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді.

Облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда, Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және облигациялар бойынша берешегін өтеуге бағытталған Эмитенттің қолданатын шараларына кез келген қайта ұйымдастырушылық, шаруашылық-ұйымдастырушылық, басқарушылық, инвестициялық, техникалық, қаржылық-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да шаралар кіреді, соның ішінде, бірақ шектелмей:

1. Несиелеу көлемін азайту;
2. Әкімшілік шығыстарын, соның ішінде қызметкерлердің штаттық санын қысқарту, оның кейбір филиалдары мен бөлімшелерін жабу арқылы қысқарту;
3. Проблемалы кредиттермен жұмыс

- жүргізу жөніндегі шараларды күшейту;
4. Қолда бар активтерді сату;
  5. Қазақстан Республикасының аумағында, сол сияқты одан тысқары жерлерде еншілес және басқа да ұйымдарға қатысу үлесін азайту;
  6. Ағымдағы берешекті қайта қаржыландыру мақсатында Эмитенттің кредиторларымен келіссөздер жүргізу;
  7. Эмитенттің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге жеткілікті мөлшерде меншікті капиталды ұлғайту мақсатында Эмитенттің акционерлеріне өтініш айту;
  8. Басқа да шаралар.

Эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе қосымша жауапкершілік атқаратын тұлғалар жоқ.

Осы шығарылымның облигациялары бойынша дефолт басталған жағдайда, Банктің міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіппен және талаптарда жүзеге асырылады.

#### Шектеулер (ковенанттар)

Осы облигациялар шығырылымы проспектісінде белгіленген облигациялардың айналыс мерзімі ішінде Эмитент мына талаптарды сақтауға міндетті:

1. Эмитенттің құрылтай құжаттарына Эмитенттің қызметінің негізгі түрлерін өзгертуді көздейтін өзгерістер енгізбеу;
2. Ұйымдық-құқықтық нысанын өзгертпеу;
3. Эмитент пен биржаның арасында жасалған листинг шартында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті беру мерзімдерін бұзуға жол бермеу;
4. Эмитент пен биржаның арасында жасалған листинг шартында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді беру



мерзімдерін бұзуға жол бермеу.

Шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, Эмитенттің органы (1 және 2-ковенанттар бойынша) шешім қабылдаған күннен бастап немесе (3 және 4-ковенанттар бойынша) ақпаратты беру мерзімін бұзған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Эмитенттің ([www.kaspiibank.kz](http://www.kaspiibank.kz)), «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)), Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми сайттарында ақпараттық хабарлама жариялау арқылы осы бұзушылық туралы облигация ұстаушыларға хабарлайды.

Листинг шартында белгіленген соңғы күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде 1 және 2 шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде, сондай-ақ есептілікті (3 және 4-ковенанттар) бермеген жағдайда, облигация ұстаушының тиісті ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде Эмитентке оған тиесілі облигацияларды сатып алу туралы талапты жолдауға құқығы бар.

Облигация ұстаушы Банкке барлық қажетті деректемелерді көрсетіп, еркін түрде жазылған өтініш беруі керек:

- заңды тұлға үшін: облигация ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нөмірі, күні және оны берген орган – болса; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банктік деректемелері; сатып алынуы тиіс облигациялардың саны мен түрі;
- жеке тұлға үшін: облигацияны ұстаушының тегі, аты, болса, әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және оны берген орган; тұратын жері; телефондары; банктік деректемелері; сатып алынуы тиіс облигациялардың саны мен түрі.

Облигацияларды сатып алу ұстаушыдан міндеттемелерді орындау туралы жазбаша

Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құқығы (осы құқық Эмитент органының облигациялар шығарылымы туралы шешімінде көзделген жағдайда)

талабын алған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннің ішінде облигация ұстаушылардың банктік шоттарына номиналды құнды және жиналған купондық сыйақыны аудару арқылы жүзеге асырылады.

Шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, облигацияларды сатып алу рәсімі облигация ұстаушылардың берген өтініштерінің негізінде ғана өткізілетін болады. Сатып алуға өтініш бермеген облигация ұстаушылар оған тиесілі облигацияларды осы проспектіде көрсетілген осы шығарылымның айналыс мерзімі аяқталғанда өтеуге құқылы.

Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Эмитенттің бүкіл облигациялар айналысы мерзімінің ішінде есептелген сыйақыны бір уақытта төлеу арқылы облигацияларды номиналды құны бойынша мерзімінен бұрын толық көлемде өтеуге құқығы бар.

Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген облигацияларды мерзімінен бұрын өтейтін күнге дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын Эмитенттің ([www.kaspibank.kz](http://www.kaspibank.kz)), «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-тың ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми сайттарында хабарламаны орналастыру арқылы Эмитент облигация ұстаушыларына Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құқығын жүзеге асыру тәртібі, талаптары және мерзімдері туралы хабарлайды.

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген облигацияларды мерзімінен бұрын өтейтін күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде соңғы есептелген сыйақыны бір уақытта төлеу арқылы номиналды құн бойынша теңгеде жүргізіледі.

Облигациялар мерзімінен бұрын өтелген кезде, Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу басталатын күннің алдындағы күн басталған жағдай бойынша

облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген тұлғалардың номиналдық құнды және соңғы есептелген сыйақыны алуға құқығы бар.

Облигация ұстаушысы Қазақстан Республикасының резиденті емес болған жағдайда, облигациялар Қазақстан Республикасының аумағында облигация ұстаушысының банктік шоты болған кезде теңгеде өтеледі.

#### Облигацияларды сатып алу

Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сәйкес өз облигацияларын олардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде ұйымдасқан және ұйымдаспаған нарықта сатып алуға құқылы.

Облигацияларды сатып алу бағасын Эмитент:

- құнды қағаздардың ұйымдасқан нарығында мәміле жасаған кезде, мәміле жасасқан күнгі жағдай бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та қалыптасқан нарықтық құнына сүйеніп;
- құнды қағаздардың ұйымдаспаған нарығында мәміле жасаған кезде, мәміле тараптарының келісімі бойынша айқындайды.

Эмитент орналастырылған облигацияларды «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-11 Заңының 18-4-бабына сәйкес сатып алады:

1. Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуды:

- 1) Эмитенттің органы облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдаған;
- 2) тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалған ақпаратты қор биржасына ұсыну бөлігінде арнайы (листингтік) талаптарды орындамау себебімен қор биржасы эмитент облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдаған;
- 3) эмитент облигацияларды ұстаушылардың бұрынғы өкілімен шартты бұзған немесе оның қолданысын тоқтатқан күннен

бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен асатын мерзімде облигацияларды ұстаушылардың өкілімен шарт жасаспаған жағдайларда жүргізуге тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген жағдайларда, эмитент жиналған сыйақыны ескере отырып, орналастырылған облигацияларды олардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен не қай шамасы үлкен болып табылатындығына қарай облигациялардың әділетті нарықтық бағасымен сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Орналастырылған облигацияларды сондай-ақ Эмитент белгіленген шектеулердің (ковенанттардың) біреуі немесе барлығы бұзылған жағдайда, облигация ұстаушылардың бастамасымен осы Проспектінің «Шектеулер (ковенанттар)» бөліміне сәйкес сатып алады.

Эмитенттің облигацияларын сатып алуы өзге облигация ұстаушылардың құқықтарын бұзуға әкеп соқтырмауы тиіс.

Сатып алынған облигациялар өтелген болып саналмайды және оларды Эмитент қайта орналастыра алады.

Өзінің қызметі мен қаржылық жағдайы туралы облигацияларды ұстаушыларға хабарлау тәртібі

Эмитенттің қызметіне және оның қаржылық жағдайына қатысты ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында және Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың листингі туралы шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде Эмитенттің ([www.kaspibank.kz](http://www.kaspibank.kz)), «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми сайттарында орналастырылады.

Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану туралы мәліметтер

Облигациялардың осы шығарылымының мақсаты – Банктің қорландыру базасын ұлғайту.

Осы шығарылымның облигацияларын орналастырудан алынған ақшаны Банк пен

	оның филиалдарының корпоративтік бизнесті, шағын және орта бизнесті, жеке тұлғаларды несиелеу саласындағы қызметін белсенді етуге, сондай-ақ Банктің ұсынатын қызметтер шоғырын кеңейтуге жолдау жоспарланып отыр.
	Олар басталған кезде алынған ақшаны жоспарлы бөлуде өзгерістер болуы мүмкін шарттар көзделмеген.
Сыйақыларды төлеуге және негізгі борыш сомасын өтеуге қажетті эмитенттің ақша қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы	Ақпарат осы Проспектінің 1-қосымшасында берілген.
Опциондар туралы ақпарат	Опциондар көзделмеген.
Облигацияларды айырбастау	Облигациялар айырбасталатын облигациялар емес.

## Облигацияларды орналастыру

Облигацияларды орналастыру тәсілі	Облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та сауда-саттық өткізу арқылы, ұйымдастырушының ішкі ережелеріне сәйкес орналастырылады.
	Эмитенттің облигациялары бағалы қағаздардың ұйымдасқан, сондай-ақ ұйымдаспаған нарығында айналысқа түсетін болады.
	Эмитент облигациялар айналысында қандай да бір шектеулерді, облигациялардың ықтимал сатып алушыларына қатысты шектеулерді, соның ішінде Эмитенттің тараптарына байланысты болып табылатын тұлғаларды қоса алғанда, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше жазылмаса, арасында облигациялар орналастыру болжанатын тұлғалар тобына қатысты шектеулерді болжамайды.
Облигацияларды орналастыру мерзімі	Облигациялардың айналыс мерзімі ішінде.
Толық орналастырмау	Эмитент нарық конъюнктурасында талап етілетін көлемде облигацияларды орналастырады.

Облигацияларды төлеу шарттары мен тәртібі

Облигацияларды төлеу тәртібі мен талаптары, есептесу тәсілдері сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Басқарма Төрағасының міндетін атқарушы

Бас бухгалтер



Диденко Ю.

Уәлибекова Н.А.

**«Kaspi Bank» АҚ-тың үшінші облигациялық  
бағдарлама шегінде облигациялардың  
екінші шығарылымының проспектісіне № 1 қосымша**

**Облигациялар өтелген сәтке дейін сыйақыларды төлеудің әр кезеңі бойынша сыйақыларды төлеуге және  
негізгі борыш сомасын өтеуге қажетті эмитенттің ақша қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы**

Банк жекелей клиенттерге, шағын және орта бизнес клиенттеріне, сондай-ақ корпоративтік клиенттерге банк қызметінің кең шоғырын берумен байланысты негізгі қызметтен ақша қаражатының түсуін болжап отыр. Банктің операциялық қызметінен түсетін ақша қаражаты ағындарының төменде көрсетілген болжамдары дұрыс емес, дәл емес немесе жүзеге асырылмайтын болуы мүмкін, сондай-ақ түрлі факторларға байланысты өзгертілуі тиіс жорамалдарға байланысты болады. Перспективалар туралы осындай мәлімдемелерге әсер етуі мүмкін факторларға, соның ішінде барлық экономикалық және коммерциялық талаптар, Банктің қызметтеріне деген сұраныс, Банк қызметін жүргізетін экономика секторларындағы бәсекелестік факторлар, мемлекеттік реттеудегі өзгерістер, салықтық талаптардағы өзгерістер (салықтық мөлшерлемелердің өзгерістерін, жаңа салық заңдарын және салық заңнамасының түсіндірмелерін қайта қаралуын қосқанда), сот және төрелік талқылаулардың нәтижелері, пайыздық мөлшерлемелердің және басқа да нарық жағдайларының өзгерістері, шетел валюталары бағамының өзгерістерін, халықаралық нарықтардағы экономикалық және саяси жағдайларды қоса алғанда, капиталды Қазақстан Республикасынан тысқары жерге аударудағы мемлекеттік өзгерістер мен шектеулерді қоса алғанда, және басқа да алдын ала болжанбайтын факторлар кіреді. Жоғарыда жазылғанды назарға ала отырып, облигацияларды ықтимал сатып алушылар берілген болжамдарға толығымен сенім артпауға тиіс.

Ақша қаражатының ағындары жөнінде ақпарат (мың теңге)	2015		2016		2017		2018		2019		2020	
	1-жарты-жылдық	2-жарты-жылдық	1-жарты-жылдық	2-жарты-жылдық	1-жарты-жылдық	2-жарты-жылдық	1-жарты-жылдық	2-жарты-жылдық	1-жарты-жылдық	2-жарты-жылдық	1-жарты-жылдық	2-жарты-жылдық
Операциялық қызметтен түсетін ақша ағындары												
Таза операциялық активтердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы	70 655 602	82 943 533	77 721 162	91 237 886	85 493 279	100 361 675	94 042 606	110 397 842	103 446 867	121 437 627	113 791 554	133 581 389
Операциялық активтердегі ақшаның таза қозғалысы	-124 565 407	-165 121 587	-130 793 678	-173 377 666	-137 333 362	-182 046 549	-144 200 030	-191 148 877	-151 410 031	-200 706 320	-158 980 533	-210 741 636
Операциялық міндеттемелердегі ақшаның таза қозғалысы	90 035 754	105 694 146	94 537 542	110 978 853	99 264 419	116 527 796	104 227 640	122 354 186	109 439 022	128 471 895	114 910 973	134 895 490
Табыс салығын төлегенге дейінгі таза ақша ағындары	36 125 949	23 516 092	41 465 026	28 839 074	47 424 336	34 842 922	54 070 216	41 603 151	61 475 858	49 203 201	69 721 994	57 735 243
Төленген табыс салығы	-6 630 074	-6 630 074	-7 293 081	-7 293 081	-8 022 390	-8 022 390	-8 824 628	-8 824 628	-9 707 091	-9 707 091	-10 677 800	-10 677 800

<b>Операциялық қызметтен түсетін таза ақша ағындары</b>	<b>29 495 875</b>	<b>16 886 018</b>	<b>34 171 945</b>	<b>21 545 992</b>	<b>39 401 946</b>	<b>26 820 532</b>	<b>45 245 588</b>	<b>32 778 523</b>	<b>51 768 766</b>	<b>39 496 110</b>	<b>59 044 193</b>	<b>47 057 442</b>
<b>Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражатының таза түсімі/(кетуі)</b>	<b>-23 405 191</b>	<b>-28 606 345</b>	<b>-24 575 451</b>	<b>-30 036 662</b>	<b>-25 804 223</b>	<b>-31 538 495</b>	<b>-27 094 434</b>	<b>-33 115 420</b>	<b>-28 449 156</b>	<b>-34 771 191</b>	<b>-29 871 614</b>	<b>-36 509 750</b>
<b>Қаржылық қызметтен түсетін ақша қозғалысы</b>												
Борыштық бағалы қағаздарды шығарудан келетін түсімдер	150 000 000	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Борыштық бағалы қағаздарды өтеу	-8 235 160	0	0	-45 791 930	0	0	-5 535 010	0	0	-11 367 450	0	0
Борыштық бағалы қағаздардан түсетін сыйақыны өтеу	-11 063 647	-10 713 653	-10 713 653	-10 314 755	-8 546 168	-8 546 168	-8 546 168	-8 482 168	-8 482 168	-8 039 427	-8 039 427	-8 039 427
Басқасы	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
<b>Қаржылық қызметтен түсетін таза ақша ағындары</b>	<b>130 701 193</b>	<b>-10 713 653</b>	<b>-10 713 653</b>	<b>-56 106 685</b>	<b>-8 546 168</b>	<b>-8 546 168</b>	<b>-14 081 178</b>	<b>-8 482 168</b>	<b>-8 482 168</b>	<b>-19 406 877</b>	<b>-8 039 427</b>	<b>-8 039 427</b>
Ақша қаражатындағы және оның баламаларындағы таза өзгеріс	136 791 877	-22 433 979	-1 117 159	-64 597 355	5 051 555	-13 264 131	4 069 976	-8 819 065	14 837 442	-14 681 958	21 133 152	2 508 265
кезең басындағы ақша және оның баламалары	98 586 398	235 378 274	212 944 295	211 827 137	147 229 782	152 281 337	139 017 207	143 087 182	134 268 118	149 105 560	134 423 602	155 556 754
кезең соңындағы ақша және оның баламалары	235 378 274	212 944 295	211 827 137	147 229 782	152 281 337	139 017 207	143 087 182	134 268 118	149 105 560	134 423 602	155 556 754	158 065 019
Банк балансы валютасының өсімі	74 483 345	91 035 199	83 763 969	102 378 185	94 393 617	115 369 976	106 589 272	130 275 777	120 605 762	147 407 042	136 742 813	167 130 104



Ақша қаражатының ағындары жөнінде ақпарат (мың теңге)	2021		2022		2023		2024
	1-жарты-жылдық	2-жарты-жылдық	1-жарты-жылдық	2-жарты-жылдық	1-жарты-жылдық	2-жарты-жылдық	1-жарты-жылдық
Операциялық қызметтен түсетін ақша ағындары							
Таза операциялық активтердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы	125 170 709	146 939 528	137 687 780	161 633 481	177 796 829	195 576 512	166 602 214
Операциялық активтердегі ақшаның таза қозғалысы	-166 929 559	-221 278 718	-175 276 037	-232 342 654	-243 959 787	-256 157 776	-193 241 831
Операциялық міндеттемелердегі ақшаның таза қозғалысы	120 656 521	141 640 264	126 689 347	148 722 277	156 158 391	163 966 311	139 675 006
Табыс салығын төлегенге дейінгі таза ақша ағындары	78 897 671	67 301 074	89 101 090	78 013 104	89 995 434	103 385 047	113 035 388
Төленген табыс салығы	-11 745 581	-11 745 581	-12 920 139	-12 920 139	-14 212 152	-15 633 368	-15 633 368
<b>Операциялық қызметтен түсетін таза ақша ағындары</b>	<b>67 152 091</b>	<b>55 555 494</b>	<b>76 180 952</b>	<b>65 092 966</b>	<b>75 783 281</b>	<b>87 751 679</b>	<b>97 402 021</b>
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражатының таза түсімі/(кетуі)	-31 365 194	-38 335 238	-32 933 454	-40 252 000	-42 264 600	-44 377 829	-36 309 133
Қаржылық қызметтен түсетін ақша қозғалысы							
Борыштық бағалы қағаздарды шығарудан келетін түсімдер	0	0	0	0	0	0	0
Борыштық бағалы қағаздарды өтеу	0	-9 968 720	0	0	-64 970 000	0	-50 000 000
Борыштық бағалы қағаздардан түсетін сыйақыны өтеу	-8 039 427	-7 973 800	-7 973 800	-7 973 800	-7 973 800	-4 925 000	-4 925 000
Басқасы	0	0	0	0	0	0	0
<b>Қаржылық қызметтен түсетін таза ақша ағындары</b>	<b>-8 039 427</b>	<b>-17 942 520</b>	<b>-7 973 800</b>	<b>-7 973 800</b>	<b>-72 943 800</b>	<b>-4 925 000</b>	<b>-54 925 000</b>

Ақша қаражатындағы және оның баламаларындағы таза өзгеріс	27 747 469	-722 264	35 273 697	16 867 166	-39 425 118	38 448 849	6 167 887
кезең басындағы ақша және оның баламалары	158 065 019	185 812 488	185 090 223	220 363 921	237 231 087	197 805 969	236 254 818
кезең соңындағы ақша және оның баламалары	185 812 488	185 090 223	220 363 921	237 231 087	197 805 969	236 254 818	242 422 706
Банк балансы валютасының өсімі	155 353 509	189 876 511	176 854 435	216 155 421	246 568 488	246 568 488	230 586 367